

**2010 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 13 шілдедегі № 474 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика министрі Болат Оралұлы Ақшолақовқа 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Ә. Смайылов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2022 жылғы 13 шілдедегі  
№ 474 қаулысымен  
бекітілген  
Жоба

**2010 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы ХАТТАМА**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі

Қазақстан – Ресей қарым-қатынастарын одан әрі нығайтуға ықпал ете отырып,

2010 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай

өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) назарға ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

### **1-бап**

Келісімнің 3-бабының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2022 – 2024 жылдары мұнай және мұнай өнімдерін құбыржол көлігімен әкетуді қоспағанда, Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының 27-тобында сыныпталатын, Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасына әкетілетін мұнай және мұнай өнімдері (керек-жарақ ретінде әкетілетін көрсетілген тауарларды қоспағанда) есепке алу мақсатында Ресей Федерациясының заңнамасында белгіленген уақытша мерзімдік кедендік декларациялауды қолданбай, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкетілгендей Ресей Федерациясында кедендік декларациялануға жатады."

### **2-бап**

Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

2022 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ \_\_\_\_\_ қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі екі мәтіннің де күші бірдей.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Ресей Федерациясының Үкіметі үшін*